

Р.М.Айтжанова, А.Н.Бейсенова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Дүниетаным мәселесі туралы шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдау

Мақалада білім берудің ең маңызды аспектісі ретінде дүниетанымға сипаттама берілген. Дүниетаным мәселелеріне мектеп оқушыларының жеке қарым-қатынасын тәрбиелеудегі оқу процесінің мүмкіндіктерін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде анықталып, зерттеудің алғашқы қадамы болып отыр. Авторлар мектептің оқу-тәрбие процесінде дүниетаным мәселелеріне оқушылардың жеке қарым-қатынастың тәрбиелеудің негізгі жолдары мен шарттарын ұсынады. Дүниетанымның негізгі ұғымдары, оның мәні мен құрылымы, дүниетанымдық мәселелердің шеңбері және олардың мазмұны қазіргі ғылыми ұсыныстармен анықталып, қазіргі заманғы оқушылардың түсінігіне сай анықталды.

Кілтті сөздер: дүниетаным, дүниетанымдық сана, дүниетанымды қалыптастыру, педагогика, әлеуметтік орта, ұлттық тәрбие, дүниеге көзқарас, қоғамдық сана, жеке тұлға, педагогикалық мәдениет.

Қазіргі уақытта білім беру саласының маңызды проблемасы болып белсенді өмірлік позициясы бар, жаңа көзқарасқа ие, өзін және қоршаған ортаны қайта құруға, әр түрлі өмірлік және кәсіби міндеттерді жеке шеше алуға қабілетті тұлғаны даярлау болып табылады. Баланың осындай тұлғалық сапаларының дамуына оның мәдени ортамен өзара әрекеттестікте болуы оң ықпал етеді. Бүгінгі мәдени орта халықтық және қазіргі мұралардың ақыл-ой, адамгершілік-моральдық, көркемдік-эстетикалық дамуының біртұтастығын құрайды. Ал бұл болса, көп ғасырлық ұлттық мәдени мұраларды тұлғаның ақыл-ой, моральдық, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру процесінде тиімді пайдалануды қажет етеді [1].

Қоғамдағы болып жатқан бетбұрыстар, саяси көзқарастар аясында қазақ елінің тарихын шынайы тұрғыда танып-біліп, салт-дәстүріне, рухани мұрасына қасиетпен қарау ерекше маңызға ие болып отыр. «Болашақ өткен тарихты білуден басталады», — дейді Баласағұн бабамыз, ал әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби: «Халық өткен өмір тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің қадірін бағалай алмайды», — деген екен. Олай болса, тарихқа, тарихи бастауларға, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз. Сондай қажеттіліктің бірі — халықтың ауыз әдебиеті, оның ішінде мақал-мәтелдері. «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді», — деп М.Әуезов айтқандай, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқының өнерін бойына сіңіріп өсу — педагогтардың қазіргі кездегі кезек күттірмейтін мәселесі [2].

Еліміздің белгілі ойшылдары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаевтар жастар тәрбиесіне еліміздің рухани негізіндегі байлығын, халық мұраларын, салт-дәстүрлерін жиі пайдалану қажеттілігіне көп көңіл бөлген. Мектеп қай халықтың болсын ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін қызмет етеді. Өйткені ол сол халықтың төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін сақтап, одан әрі дамытудың алтын көпірі. Ендеше, Қазақстан мектептері де ұлттық асылдарымыз бен қазыналарымызды сақтап, дамытудың кепілі. Қай заманда да ұлттық өрлеудің, халықтық қалыптасудың ең негізгісі, бірінші шарты — білім. Ал шынайы білім беру — ұлттық сананы қалыптастыру мен дамытудың басты құралы. Н.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген мемлекеттік «Білім» бағдарламасында: «Балалармен мен жастарды тәрбиелеудің ең көкейкесті мәселелері ретінде білім мекемелерінде оқушылардың

этностық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу, білім берудің тиімді жүйесін жасап, өмірге ендіру» қажеттігі атап көрсетілген. Сондай-ақ ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы «Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген ой-тұжырымдары да жас ұрпақты рухани-мәдени мұралар негізінде тәрбиелеу қажеттігін айғақтайды [3].

Регулятивті қызмет атқара отырып, сенім жеке тұлғаның тұтас рухани, құндылық бағыттарын, мақсат-мүдделерін, тілек-қажеттілігін, сезім мен қылықтарын анықтайды. Олар қоғамдық мақсат-мүдделердің объективті талаптарынан, адамның танып-білген қажеттілігіне сәйкес әрекет туындайды. Сенім жеке тұлғаның қазіргі уақытта іс-әрекетінде басшылыққа алып, оның болашақ өмір жолын анықтайды. Сенім — жеке тұлғаның өз құндылық бағыттары мен көзқарастарына сәйкес қызмет-әрекет етуге итермелейтін саналы қажеттілігі. Адамның сенім жүйесі — оның дүниетаным көрінісі. Сезім — сенімнің үйлесімді қасиеті. Сенімді өмірде басшылыққа алу таным қуанышы мен ақиқат шындығының, сұлулыққа эстетикалық сүйсіну мен оған берілгендік, әлеуметтік оптимизм мен мақсаттылық сияқты интеллектуалды сезімдермен байланысты.

Ғылыми дүниетаным теориялық санамен шектеліп қана қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді. Дүниетаным элементі ретінде теориялық ойлау дегеніміз — адамның білімдерді, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, дүниетанымды мейлінше жетілдіру, ерік-жігерді сенімді іске асыруға бағыттау дегенді білдіреді.

Қажымас ерік-жігер — дүниетанымның маңызды элементі. Сенім адамды іс-әрекетке итермелейді. Ғылыми дүниетаным теориялық санамен шектеліп қана қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді. Дүниетаным элементі ретінде теориялық ойлау дегеніміз — адамның білімдерді, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, дүниетанымды мейлінше жетілдіру, ерік-жігерді сенімді іске асыруға бағыттаудың қабілеті.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, арман-мұрат өмірлік мақсаттар ретінде дүниетанымның ең маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Сананың мазмұны сенім сипатына ие болған жағдайда дүниетанымға айналады. Адамның дүниетанымы көбінесе оның тікелей өмірлік тәжірибесіне негізделеді. Оның мазмұны елеулі түрде адам өмірінің жағдайларына байланысты өзгереді. Әлеуметтік орта — адамды әлеуметтік өміріндегі қоршаған қоғамдық қатынастардың дамуының белгілі бір сатысындағы нақты көрінісі. Әлеуметтік орта қоғамдық-экономикалық формация түрінде, қай тап пен ұлтқа жататындығына, белгілі бір топтардың ішкі таптық айырмашылықтарына, тұрмыстық және кәсібіне тәуелді.

Қоғамдық-экономикалық формация өзіндік тарихи, демографиялық, географиялық және ұлттық нақтылығында, өмір салтының белгілі бір түрін, ойлау мен мінез-құлық амалдарын тудыратын әлеуметтік органы қалыптастырады. Сонымен, қоғамдық-экономикалық формация — жеке тұлғаның қалыптасуының негізгі жолы.

Олай болса, жеке тұлғаның дүниетанымы онда өмір үндестігі мен қарама-қайшылығы көрініс тапқан кезде ғана әсерлі және тиімді болып келеді.

Ғылыми-педагогикалық тұжырым жеке тұлғаның қоғамдық қатынастар, іс-әрекет, қарым-қатынас жүйесіндегі дүниетанымдық сана, сезім мен ерік-жігердің тұтас қалыптасу идеясынан бастау алады.

«Дүниетаным — философия, философия сияқты ол да бүтінге, жан-жақтыға, соңғыға, ақырғыға қарай бет алады, ол тек космос туралы білімдерден ғана емес, сонымен қатар бағалаудан, субординацияға ұшыраған құндылықтардан, өмір формаларынан тұрады (Г.Мейер). Философияның өзі де — дүниетаным, яғни бүтіндей дүниеге, адамның осы дүниеге қатынасына деген көзқарастар жиынтығы [4].

Философия сияқты дүниетанымның басқа да формалары бар: мифологиялық, діни, көркемдік, натуралистік, үйреншікті. Философияның дүниетанымның басқа формаларынан айырмашылығы — оның қоғамдық сананың ғылыми саласына жататындығы. Ал оның ішінде натуралистік формадан өзгешелігі, ерекше категориялық аппараты бар, ал ол өз дамуы барысында барлық ғылымдарға, адамзат дамуының бірыңғай тұтас тәжірибесіне сүйенеді. Философияның мәні «дүние — адам» мәселелері туралы ойлар.

Философияның көптеген қызметі екі топқа бөлінеді: дүниетанымдық, әдіснамалық.

Философияның адам мәселесінің маңыздылығына орай бірінші орында гуманистік қызметі тұр. Гуманизм адамгершілік деген мағынаны білдіреді, ол — гуманизмнің түрлі бағыттарының арман-

мұраты. Оның басты мақсаты — адамға тән құндылық қабілеттілігінің, сезім мен парасаттың үйлесімді дамуы, адами мәдениеттің, өнегелілік пен оған лайық адамдар мен тұтастай жаратылысқа қатысты мінез-құлықтың жоғары деңгейде дамуы. Адамгершілік — адамдармен қарым-қатынас жасағаннан пайда болатын игілік сезімі; бір жағынан, жалпы тілектестік-ниеттестіктің сезімі; ал екінші жағынан — адамдармен іштей және жалпы түрде қатынас жасау мүмкіндігі, адамзатты жануарлардан ерекшелендіретін тек адамға ғана қасиеттер жиынтығы.

В.С.Соловьевтің пайымдауынша, «адам өміріне ақыл-ойдың маңызды мәселелерін, ақиқат шындығы, құбылыстардың мәні мен парасаты туралы мәселелерді шеше алатын, сонымен қатар қалауға шартсыз мақсат қоя отырып, қызмет-әрекеттің жоғарғы қалпын анықтай отырып, бүтін өмірдің ішкі мазмұнын аша отырып, ерік-жігердің жоғары талап-тілектерін қанағаттандыра алатын жоғары деңгейдегі наным-сенім мен орныққан көзқарастар сөзсіз қажет...». «Қоғам үшін де, жеке индивид үшін де дүниетанымсыз өмір бағыт-бағдардың жоғары сезімінің патологиялық бұзылуын білдіреді» (А.Швейцер). Философияның гуманистік қызметінің мәні, міне, осы [5].

Философияның келесі бір дүниетанымдық қызметі — әлеуметтік аксиология. Оның өзі де бірнешеге бөлінеді, олардың ішіндегі ең маңыздылары: құрылымдық-құндылықтық, интерпретаторлық және сыншылдық қызметтері. Біріншісінің мазмұны Жақсылық, Әділеттік, Шындық, Сұлулық сияқты құндылықтар туралы түсініктерді талдау болып табылады; сондай-ақ бұған әлеуметтік арман-мұрат туралы түсінік те жатады. Қоғамдық арман-мұрат жеке тұлғадан басталады. Бұл арман-мұрат негізгі адамгершілікке байланысты белгіленеді, ал оған шартсыз мағынасындағы, шексіз қабілеттілігіндегі «жеке тұлға» ұғымы жатады. Қоғамда жеке тұлғаның өмірлік міндеттері қайталанып қана қоймайды, оның арман-мұратқа ұмтылысындағы күш-жігері де толығады. Қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның өмірі индивидуалдық өзін-өзі танытуға талпыну мен шартсыздық пен жоғары даралыққа ұмтылу сияқты тербелісте болады. «Жеке тұлғаны» шартсыздық принципі қажет болған сайын бүкіл адамзаттық, ғаламдық ынтымақтастық арман-мұратына әкеледі... қоғамдық арман-мұратқа еркін универсализм принципі деп анықтама беруге болады» (П.И.Новгородцев) [6].

Біздің ойымызша, жеке тұлғаның дүниетанымы жалпы білімдер дегенді және оларды құбылыстарды тану мен бағалау үшін және шешім қабылдау үшін пайдалана алу біліктері дегенді білдіреді. Ол білімдердің ақиқаттылығына және оларды қызмет-әрекеттің құралы ретінде пайдаланудың нәтижелілігіне деген сенімдерден тұрады.

Сонымен қатар жеке тұлғаның дүниетанымы, дүниетанымдық білімдер мен сенімдер, дүниетанымдық көзқарастың кеңеюі мен тереңдеуі қажеттігінен тұрады. Қажеттілік дүниетаным сапасы ретінде жеке тұлғаның дүниетанымы тек заттық-мазмұндық категория емес, ол, сондай-ақ, психологиялық категория, соның ішінде эмоционалды-жігерлік категория. Білім мен білікке негізделген қажеттілік пен сенімділік дүниетаным табиғатына сай, яғни, тиісті жетілген, сонымен қатар шынайы мүмкін және қолжетерлік туралы түсінік болатын жалпы әлеуметтік, адамгершілік және эстетикалық арман-мұраттардың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Олай болса, сенім мен арман-мұрат жеке тұлғаның дүниетанымының тағы бір элементінің негізін салады, ол — қызмет-әрекеттің бағыты мен дүниеге деген қатынасты айқындайтын жалпы принциптер. Ең соңғы дүниетаным элементі — дүниетанымдық сенім, принциптер мен арман-мұраттарға сәйкес қызмет-әрекет етуге деген эмоционалды-жігерлі әзірлік.

Жеке тұлғаның дүниетанымы — ақиқаттың жалпылама көрінісінің жоғары деңгейімен ерекшеленетін әлеуметтік мәдениеттің, интеллектуалды және эмоционалды-жігерлік сипаттарын топтастырған феномен. Осылайша, жеке тұлғаның дүниетанымы жалпы қорытындыланған білімдер мен оларды пайдалану біліктілігі, олардың ақиқаттылығы мен нәтижелілігіне деген сенім, нұсқауларды қажет ету, жалпылама принциптер мен арман-мұраттар, қызмет-әрекетке деген әзірлік сияқты компоненттер өзара байланысты болып келеді.

Л.И.Божовичтің пайымдауынша, жеке тұлғаның дүниетанымы — біршама кешіңкіреп келетін құбылыс, ол адамның жеткіншек шағында пайда болады, оның қалыптасу негізі жалпы тәрбиелілік, бағыттылық, дүниетану мен дүниені сезіну жүйесі болып табылады [7].

Б.Г.Ананьевтің пікірінше, қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның өз-өзіне деген қатынасының қалыптасуы жеке тұлғаның басқа қасиеттерімен салыстырғанда ең соңғысы болып келеді. Рефлектілі қасиеттер «мінез-құлықтың біртұтастығын анықтайды. Бұл орайда олар өзін-өзі реттеу мен дамуды бақылау қызметтерін атқара отырып, өмір мен іс-әрекетінің мақсатымен, құндылық бағыттарымен, нұсқауларымен тығыз байланысты» [8].

Психологтар «құндылық» ұғымымен қоғамға қатысты әлеуметтік-тарихи мағынасы мен іс-әрекеттің белгілі бір құбылыстарының жеке тұлғалық мәнісін сипаттайды. Олар құндылық деп, біріншіден, өнегелілік, жеке тұлғаның (адамдар тобының, ұжымның) және оның іс-әрекетінің нәтижесін; ал екіншіден, құндылық санаға қатысты адамгершілік пен арман-мұраттары, жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен бақыт ұғымдары сияқты түсініктерді айтады [9].

Кейбір зерттеушілер құндылық деп адамның мінез-құлқында көрінетін жалпы әлеуметтік бағыттылық деп түсінеді. Ал тағы бір зерттеушілер оны жеке тұлғаның қандай да бір әлеуметтік құндылықтарға субъективті қатынасы ретінде қарастырады. Ал енді біреулері «құндылық бағыттары» ұғымын психологиялық тұрғыдан ұғынады.

Д.Н.Узнадзе құндылық бағыттарды, бір жағынан, құбылыстардың белгілі бір семантикалық сипаттамасының, объектінің субъект үшін маңыздылығының санада көрініс тауып, санада бекемделу формалары ретінде қарастырса, екінші жағынан, іс-әрекетке әзірлік формасы ретінде, тиісті жағдайларда жүзеге асатын сана мен іс-әрекет процестерінің бірлігі ретінде қарастырады [10].

Құндылық бағыттар адамның мінез-құлқының ең маңызды қозғаушысы болып табылады, оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды. Адамның құндылық бағыттары мен мотиві арасындағы байланысын адамның қажеттілігін қанағаттандыруға, оны «заттандыруға», яғни қажетті объектіні табуға ұмтылысы арқылы түсіндіруге болады. А.Н.Леонтьевтің пайымдауынша, қажеттілік қанағаттандырылмайынша, өзінің объектісін танымайды, ал ол объекті табылуы тиіс. Тек осындайда ғана қажеттілік заттық мағынаға ие болады, ал қабылданған зат қозғаушы және бағыттау іс-әрекетіне ие болып, мотивке айналады. Сонымен, адам үшін «жеке тұлғалық мәні» бар, яғни өз алдына құндылық болып келген зат қана оның іс-әрекетінің мотиві бола алады [11].

Құндылық бағыттары субъектінің іс-әрекетінің мотивін анықтайтын болғандықтан, олар сол іс-әрекетті таңдау мен оның жүзеге асу барысына да әсер етеді. Осылайша құндылық бағыттары адам, оның қажеттіліктері мен қоршаған ортасы арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Сонымен, жеке тұлғаның құндылық бағыттарының әлеуметтік-этикалық мазмұнын қамтамасыз ететін «іс-әрекеттің алуан түрлерінің интеграциясы, факторы» болып табылады.

Теориялық таным ретінде құндылық дегеніміз, біріншіден, объектіге деген когнитивті қатынасқа, яғни көңіл-күйі басымырақ, субъектінің бойында құндылық сана мен жалпы әлеуметтік-мәдени факторлар әсерінен қалыптасқан, мақсат-мүдденен, ұнатудан, нұсқаулардан тұратын қатынас. Екіншіден, ол — сананың ішіндегі құндылық «бағыттары, яғни логикалық-әдіснамалық параметрлер, олардың негізінде көзқарас, дәлелдің, білімді ұйымдастырудың формалары мен тәсілдері таңдалып алынады, үшіншіден, санадағы құндылық — объективті шынайы заттық білім, ол дәл осы шынайылық, дұрыстық, ақпараттың арқасында қоғам алдында маңыздылық пен құндылыққа ие болады [12].

Біздің пайымдауымызша, дүниетаным тек дүние туралы жалпы мағлұматтардың жиынтығы ғана емес. Сонымен қатар ол қоғамның саналы мақсат-мүдделері мен адамгершілік, әлеуметтік, гуманистік құндылықтар — өмірдегі мінез-құлықтың бағытын таңдауды, оның қоғам мен өз-өзіне деген жауапкершілікті қатынасын анықтауы.

Педагогика ғылымы оқушы тәрбиесінің мазмұнына енетінін ғылыми дүниетанымды қалыптастыру мәселесін шешуде оның құрамды бөліктерін ажыратып қарайды. Педагогикалық ғылыми еңбектерде дүниетанымның төрт құрамды бөлігі көрсетіліп жүр. Олар: ғылыми білім жүйесі; дүниетаным; сенім; адам мұраты. Дүниетанымның қалыптасуы, педагогикалық процесс ретінде, объективті түрде әдіснамалық идеялардың реттелген жиынтығын оқушылар игілігіне айналдыруды талап етеді. Оқушылар материалистік диалектиканың мынадай заңдары мен категорияларын игерулері қажет: дүниенің материалдығы мен танымдылығы; қозғалыс материяның өмір сүру формасы ретінде; материяның — бірінші, сананың екінші болуы; қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі; себепті байланыс — болмыстың жалпы заңы; сандық өзгерістердің мөлшерден шығып кетуі мен олардың сапалық өзгерістерге айналуы; дамудың толассыздығы мен толасуы; себеп пен салдар диалектикасы; құбылыс мәнділіктің көрінісі ретінде; мүмкіндік пен шындық; практика — таным негізі, ақиқат критерийі. Дүниетаным қалыптасуының біртұтас процесі білім берудегі бірізділік пен оқу пәндері арасындағы байланыс арқылы жүзеге асады. Білім беру, процесс ретінде ұстаз бен оқушының бірлескен іс-әрекетімен сипатталады, іс-әрекеттің мақсаты — оқушыларды дамыту, олардың бойында білім, білік, дағдыларды, яғни нақты бір іс-әрекеттің жалпы бағыттық негізін қалыптастыру.

Аналитикалық-жүйелік іс-әрекеттің нәтижесінде (түсінікте, арман-мұраттарда, теорияларда) білім де, іс-әрекет әдіс-тәсілдері де бар. Бұл сананың әр түрлі жақтары, бірақ бұл процесте ең басты орында білім тұрады. Осының барлығы оқушы бойында білім мен білікке қоса ойлау мен әрекет ете алуды дамытуды талап етеді. Ғылыми білім құрылымында екі деңгей бар: эмпирикалық және теориялық. Олар объективті болмысты көлемдірек, тереңірек және толығырақ суреттеуі бойынша ажыратылады. Дүниетаным жекелеген білімдерден емес, заманның талабына сай білімдердің құрылымын қамтитын, әдіснамалық идеялар, теориялар мен принциптер негізінде ұйымдастырылатын жүйе. Оқушылардың меңгерген білімдер жүйесі әрдайым қозғалыста болады, басқа жүйелермен қатынасқа түсіп, оларды пайдалану міндеттеріне сәйкес жалғасады.

Білім беру — оқушылардың ғылыми білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудегі, шығармашылық қабілеттілігінің, дүниетаным мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастарының дамуындағы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен ынталандырудың мақсатты педагогикалық процесі. Оқыту адамның іс-әрекетін белгілі бір білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудің саналы мақсаты билеген кезде қызмет-әрекет ретінде жүзеге асады.

«Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды оқушылардың басына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды оқушының өзі, мұғалімнің басшылығымен, көмегімен қалыптастыруы қажет. Түсініктердің пайда болуы, заңдарды жете түсіну — оқушының ойлау мен іс-әрекетінің белсенді процесі» (М.Н.Скаткин) [13].

Оқу оқушылардың іс-әрекетінің басты нәтижесі олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық мазмұны іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру болып табылады.

Білімдер сенімге айналу үшін жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет. Оқушылардың жағымды эмоционалдық күйі олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік-психологиялық жағдайына сүйенеді.

Біздің ойымызша, оқу мен еңбек, қоғамдық іс-әрекет оқушыларды әлеуметтік, жан-жақты ақпаратпен, саяси қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады. Ол оқушының ішкі жан дүниесіне, жеке тұлғаның белсенді жасампаздық қажеттілігін дамытады.

Білім объективтік дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі. Білім арқылы табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективтік жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғады. Ғылыми білім қалыптастырудың және дүниетаным дамуының үлкен тірегі. Міне, осының нәтижесінде білім әр адамның көзқарасына, сеніміне айналады. Сенім терең, тиянақты ойланып айтылатын идеялардың жиынтығы. Сенім жеке адам өмірлік позициясының беріктігін анықтайды, мінез-құлқын сипаттайды. Әр түрлі идея адам сенімінің негізгі, шындықты терең тану оның соңынан еріп отыру.

Адам мұраты жете түсінудің жоғары кемелі, адам баласының жоғары мұрат-мақсаттары, өмірге ұмтылушылығы, талаптанушылығы. Мұрат-мақсат айналадағы өмірді жетілдіруде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық үдеуін дамытуда адамның сезімін оятады. Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының түпнамасы оның ұлттық құндылықтармен мыңғасырлық байланыстығының тұтастығында екені анық. Халық педагогикасындағы ұрпақтың жан-жақты дамып-өсуіне, таным кеңістігінің ұлғаюына зор ықпал жасап келгенін педагогика ғылымы жоққа шығармайды.

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде егемендігін алғаннан кейін елімізде ұлттық рухани мұраларымызға бет бұрып, соның негізінде тәрбие беруге көңіл қойыла бастады. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбие атауын өздерінің докторлық диссертацияларында Қ.Бөлеев пен К.Оразбекова пайдаланып, жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері мен оқушыларға ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді дайындаудың теориясы мен тәжірибесін зерттеді [14].

Қ.Бөлеевтің айтуынша: «Ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие — жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы...», — деп анықталады. Ғалымның ойынша, ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігі — болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы іске асырылады [15].

К.Оразбекованың пайымдауынша, ұлттық тәрбие — болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі болуы шарт деп санайды. Ол: «...ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі-өлеңге, өлеңі-өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырды...», — деп, ұлттық тәрбиенің бүгінгі таңда ұлтты идеологияны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтеді [16].

К.Ж.Қожахметова ұлттық тәрбиені этникалық тәрбиеге қарағанда кең ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: «Ұлттық тәрбие — жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет» [17].

Академик Г.Н.Волковтың пікірінше, халықтың педагогика адам баласының дүниеге келген күннен бастап бірге жасасумен ерекшеленеді. Сондай-ақ адамдардың қоғамды құруы, қоршаған ортаны — табиғатты өзіне икемдеп игеруі, еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқаруы да осы сатыға жатады. Ол тәрбиенің басқа түрлерінің кейін туып, өмірлік тәжірибеге негіздеген эмпирикалық білім болып келеді де, ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезде пайда болып, халық арасында ауызша тарады. Сондықтан да оны шығарушы авторлардың аты-жөні халық жадында сақталмай, бүкілхалықтық мұраға айналып кетті [18].

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының түпнамасы — оның ұлттық құндылықтармен мыңғасырлық байланыстығының тұтастығында екені анық. Халық педагогикасындағы ұрпақтың жан-жақты дамып-өсуіне, таным кеңістігінің ұлғаюына зор ықпал жасап келгенін педагогика ғылымы жоққа шығармайды.

Қазақ халқы елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді [19].

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан. Негізгі мақсат — жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір-қасиетін қалыптастыру. Өйткені еліміз үшін жас ұрпақтың өнерлі, іскер, жігерлі, намысты өсуі айрықша маңызды болып табылады.

Халықтық педагогика мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Халық педагогикасындағы озық идеялар қай халықтың болсын тіршілік-тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланысты туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Бірде бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Жоғарыдағы қарастырып отырған мәселелерді түйіндей келе айтпағымыз, дүниеге көзқарас қоғамдық сананың барлық формаларына қатысты элементтерден құралады: онда философиялық, экономикалық, саяси, ғылыми, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен роль атқарады. Ғылыми білімдер дүниеге көзқарас жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат шындықтарын бағдарлау мақсаттарына қызмет етеді. Сонымен қатар ғылым адамды әр түрлі наным-сенімдер мен адасушылықтардан құтқарып, оның шынайы болмысты танып-білуіне жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Қожахметова К.Ж.* Казахская этнопедагогика: Методология, теория, практика. — Алматы: Ғылым, 1998. — С. 316.
2. *Ахметова З.* «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. — Алматы: Кәусар бұлақ, 1994. — 74-б.
3. *Табылды Ә.* Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. — Алматы: Білім, 2004. — 150-б.
4. *Табылдиев Ә.* Қазақ этнопедагогикасы. — Алматы: Санат, 2001. — 320-б.
5. *Ұзақбаева С.А.* Тамыры терең тәрбие. — Алматы: Білім, 1995. — 232-б.
6. *Волков Г.Н.* Этнопедагогика. — Чебоксары; М.: Академия, 1990. — С. 180.
7. *Қалиев С., Молдабеков Г., Иманбеков Ж.* Этнопедагогика. — Астана: Фолиант, 2007. — 148-б.
8. *Харламов И.Ф.* Педагогика. — М.: Высш. шк., 1999. — С. 512.
9. *Кузьмина М.Н.* Концепция национальной школы // Национальная школа: состояние, проблемы, перспективы. — М.: ИНПО, 1995. — С. 3.

- 10 *Божович Л.И.* Проблемы формирования личности: Избранные психологические труды / Под ред. Д.И.Фельдштейна. — М.: Воронеж: Ин-т практической психологии, 1995. — С. 26.
- 11 *Ананьев В.Г.* О проблемах современного человеческого сознания. — М.: Наука, 1977. — С. 380.
- 12 *Храпченков Г.М., Храпченков В.Г.* История школы и педагогической мысли Казахстана: Учеб. пособие. — Алматы: Ун-т «Кайнар», 1998. — С. 193.
- 13 *Хмель Н.Д.* Педагогический процесс в общеобразовательной школе. — Алматы: Мектеп, 1984. — С. 134.
- 14 *Леонтьев А.Н.* Деятельность. Сознание. Личность // Текст / А.Н.Леонтьев. — М.: Политиздат, 1975. — С. 304.
- 15 *Наурызбай Ж.Ж.* Этнокультурное образование. — Алматы: Ғылым, 1997. — С. 69.
- 16 *Әбілова З.Ә.* Этнопедагогика: Оқу құралы. — Алматы: Ғылым, 1997. — 230-б.
- 17 *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — Алматы: Ана тілі, 1994. — 82-б.
- 18 *Масанов Н.* Культура народов Казахстана // Текст / Н.Масанов. — Алматы: «Парасат» ШДС, 2001. — С. 55.
- 19 *Сластенин В.А.* Социально-культурные проблемы инновационной деятельности преподавателя // Текст / В.А.Сластенин. — М.: Издат. дом «Магистр-Пресс», 2000. — С. 188.

Р.М.Айтжанова, А.Н.Бейсенова

Теоретический анализ трудов зарубежных и отечественных ученых по проблемам мировоззрения

В статье раскрыты характеристики мировоззрения как важнейшего аспекта образования. Изучены возможности учебного процесса в воспитании личностного отношения школьников к проблемам мировоззрения. Отмечено, что это первый шаг в этом столь необходимом на сегодняшний день исследовании, чем и определяется актуальность данного вопроса. Авторами предложены основные пути и условия воспитания личностного отношения школьников к проблемам мировоззрения в учебной деятельности. Определены базовые понятия мировоззрения, его сущность и структура с точки зрения современных научных представлений. Показан круг мировоззренческих проблем и их содержание, доступных для понимания современными школьниками.

R.M.Aytzhanova, A.N.Bejsenova

Theoretical analysis of the problems of world outlook in the writings of foreign and domestic scholars

The article is devoted to the characteristics of the world outlook as the most important aspect of education. Study the possibilities of educational process in the upbringing of the personal attitude of schoolchildren to the problems of the world - the first step in this so necessary in today's day of the study, which determines the relevance of this problem. The authors propose to the main routes and upbringing conditions of the personal attitude of schoolchildren to the problems of the world outlook in the training activities. Defines the basic concept of worldview, its essence and structure from the point of view of modern science, the range of world outlook problems and their content available for the understanding of modern schoolchildren.